Еларалық Шалқар-2 газеті. №19-20(445-446) 2012ж. мамыр.

■ Шара

Елге құрмет, Тілге құрмет - ортақ борыш

Үстіміздегі жылдың мамыр айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, Алматы қаласы әкімдігі Ішкі саясат басқармасы және Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Қазақстан – татулық пен достықтың мекені» атты кешенді шара өткізілді. Мерекелік іс-шара үш кезең бойынша жүзеге асырылды. Оның біріншісі - 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орайластырылған концерттік қойылым, екіншісі – Қазақстанда білім алып жатқан шетелдік қазақ жастарының «Атамекенім – ардағым менің!» тақырыбындағы шығармашылық байқауы болды. Осы шаралардың жалғасы болған тағы бір шара - «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты студенттердің халықаралық ғылыми конференциясы. Осы кешенді шара - Қазақстан Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні мерекесіне жалғасып, факультеттің ұстаздар ұжымы мен тыңдаушы жастардың 28-панфиловшылар саябағына барып, «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойып, Отан үшін жанын қиған ата-апалар рухына тағзым етіп, естеліктер айтуға жалғасты.

Қазақстан - халықтар достығы мен татулықтың тұрақты мекені ретінде әлемге танымал болып отыр. Шетелден келген қазақ жастарының тарихи отанына деген сүйіспеншілігін арттыру және олардың азаматтық-әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған шараға, факультеттегі оралман қазақ жастарымен қатар Қытай Халық Республикасы, Түркия, Иран, Ауғанстан Ислам Республикасынан келген шетелдік тыңдаушылар және Қазақстан Республикасындағы онға жуық жоғары оқу орнының, сонымен қатар Алматы қаласының колледж студенттері де қатысты. Мерекелік іс-шара бізге келген шетелдік студенттерге Қазақстан Республикасының толеранттылық ахуалы мен ұлттар достастығының мекені екенін насихаттау болса, ал шығармашылық байқауы олардың Қазақстандағы алған білімдерін таразылаумен қатар, шетелдіктердің тіл байлығын арттыру, креативті ойлау мен шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталды. Шығармашылық байқауда жүлделі орынды жеңіп алған тыңдаушыларға сыйлықтар табыс етіліп, арнайы дипломдармен марапатталды. Шығармашылықта көзге түскен жас таланттарға еларалық «Шалқар» газетінің ұжымы арнайы сыйлықтармен марапаттап, газетке бір жылға тегін жазылып берді және шығармаларын газетте жариялауға уәде етті. Осы іс-шара аясында өткен «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты конференция шетелден келген тыңдаушыларды ғылыми-шығармашылық зерттеу ісіне баулып, дұрыс бағыт-бағдар берумен бірге олардың табиғатқа «Жер-Анамызға» деген құрметін ояту, жастар бойында экологиялық

тәрбиені қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Конференция «Тілге құрмет – елге құрмет», «Тарих тағылымы», «Табиғаттың тылсым сырлары» атты үш секция бойынша жұмыс істеді.

Конференцияның пленарлық мәжілісіндегі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің студенті Мұханбет Ғалияның «Қазақстан Республикасында оралман мәртебесін және азаматтықты алу туралы», Халықаралық қатынастар факультетінің студенті Ахмад Яр Ахмад Валидің «Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан Ислам Республикасы арасындағы қатынастар», ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушысы Канбари Мустафаның «Қазақ-парсы тіліндегі ортақ сөздер - мәдени қарым-қатынастың жемісі», Ахмади Ахмад Решадтың қазақ және парсы халықтарындағы даналық сөздердің мәдени әрі тәлімдік сабақтастығы туралы «Мақал-мәтел - сөз мәйегі» тақырыбындағы баяндамалары тыңдарман қауымның қызушылығын тудырып, баяндамалардың соңы қызу пікірталасқа ұласты.

Аталмыш іс-шараның жабылу салтанатында Халықаралық білім беру департаментінің директоры Ж.Т.Молдағалиева: «Біздің факультетімізде өткізіліп отырған дәстүрлі шараның біздің факультет тыңдаушылары үшін маңызы зор. Біздің факультетте, әсіресе, тілді үйренуші тыңдаушылар аз уақыт ішінде жаңа бір тілді меңгеріп қана қоймай, сол меңгерген

тілінде ғылыми баяндама жасайды. Мұндай шаралар – тіл үйренушінің де, оны оқытқан ұстаздардың да ерен еңбегінің сапалы көрсеткіші, нәтижелі жетістігі», - деп, шараны ұйымдастырушыларға және қатысқан студенттерге, олардың ғылыми жетекшілеріне алғысын білдірді.

«Жер – біздің ортақ үйіміз» атты конференциясының әр секциясы бойынша жүлделі орындар тағайындалды. Жүлделі орындарды арнайы тағайындалған қазылар

алқасының шешімімен өзгелерден озып шыққан «Тілге құрмет – елге құрмет» секциясы бойынша Бұлбұл Қабдолдақызы, Ханзаттұл Бидаулет, Канбари Мустафа; «Тарих тағылымы» секциясында Бұлбұл Бақытқан Нарбота, Бақыт Айсара; «Табиғаттың тылсым сырлары» секциясынан Жақсыбай Жеңісбек, Нур Джан Мохаммад, Тұрды Гүлбадандар өзара бөлісті. Сафи Нурулла мен Ахмади Ахмад Решад арнайы ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Жүлдегерлерге Алматы қаласы әкімдігі Ішкі саясат басқармасы және Халықаралық «Жанашыр» қорының, университет басшылығы тарапынан дипломдар тапсырылып, арнайы сыйлықтар берілді.

Жастардың әлеуметтік-азаматтық көзқарасын қалыптастыратын тағылымы мол, тәлімдік мәні зор шаралар арқылы еліміздің жарқын болашағы – жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру – факультет ұстаздарының басты мақсаты болып табылады.

Г. Тастемірова, Р. Наралиева,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары

Атамекенім – ай-күнім

Жыладым жоғарғы, тәкаппар тауым болған шақ.
Бұлақтың бұлтылдаған сыңғыры тамсандырған,
Қыз кезімнің, сағынышпен еске алған,
Қыз-ана болып, тәжірибе жинаған шағым.

Тарихтан толып жатқандығын да қайғы-мұң,
Сырларға күй тағылығы сүйем айбынып.
Атам мен бабам қанарлығын сүйгіш.
Атамекенім- ақсақалдарым ай-күнім!

Ұлыс боп қоныстанған тарихтың арыс ортасы,
Жаңарып тәуелсіз бұл күнің сенің өркенің
Ұлдарың мен қыздарыңның ұясы.
Және бір қазақ, тыңдаған ғана елігер.

Кереметке толған Көкшетаудың мұңды көбізі,
Ақсаңның ұясы, бұл күні ақсаңсыз кезің

Қазақтың қара көтерген ғұрпының ғұрпекпен
Жайған Қорқыт
ғұ атасының еңбегі.

Күрең тарланға көрген ғұрпым көшем,
Қорқыттың ақ туған батыр кесем.
Бөлек-бөлек шойын, табанға ұялы таңбалық,
Ұрпағын елес, ақылман күз бойынша.

Мұрсын ұлы бабадан қалған қалам ең,
Ежелгі ұлттан ұлттың ден айтпа ғаңырлы
Мың ғылда өрнек толғаған ешкім алғашқы,
Күйреген қалам күз болған кітапханада.

Тарихтан қалған, қалмады дейсің қай бағы,
Шежіреден қазақ, өрлемік ешкім ұй ғұрпы.
Атамекенің бір ұлс тоғ ұлыс ұлыс ұлы
Батырдың қалы шайтанның ұлыс ұлы.

Көш айтып мұсқа зақыпар сағаң ұлыс,
Тәуекел таңдар күлкісін күлдің ғаңа.
Ақылай күнді, Абайда күлді ақтаңаны,
Жеңістерінің бойынша ұлыс ұлы де.

Бабалар жерінің ұлыстың бұл айтақ,
Мәртұлға қала ақынын тұй ойлап.
Аспанында ұлы байрақ, толқын ұлыстан
Бақдарының балалық ұлы ұлы ойлап.

Бақыт сұлулай ұлыстың сұлулай бақыдан,
Сізім деп қала ақылмен ақылай ең.
Бөрінің ұлыстың, ақылыстан ұлыстан тоқылып,
Темірқазық қала басын тұрғынын үшін мақтанып!

Ботагөз Байтақызы,
ҚазҰУ